

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

заң факультеті
Ғылыми кеңесінің мәжілісінде бекітілді
№ _____ хаттама « _____ » _____ 2016 ж.
Факультет деканы
_____ Байдельдинов Д.Л.

«Қазақстан Республикасы қаржы құқығы»
Пәнінен

Магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындауларына байланысты
нұсқаулықтар

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті елдер қатарына енудің бірден-бір шарты елдің сауатты болуы мемлекет үшін үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан да, елбасының бастауымен еліміздің білім беру саласында түбегейлі реформалар жүргізілуде. Білім реформасы- бұл Қазақстанның бәсекелестік қабілетін арттыратын маңызды құралдарының бірі. Қазіргі таңда, республикада мамандарды дайындаудың сапасын арттыру мақсатында енгізілген халықаралық білім беру жүйелерін пайдалана отырып, ЖОО-да кредиттік білім беру жүйесін жетілдіру жалғасын тауып келеді. Талап бойынша, магистранттардың өзіндік жұмысы (МОӨЖ) оқытушының қатысуымен белгіленген уақытта және оқытушының қатысуынсыз (МӨЖ) да берілген тапсырмаларға сәйкес орындалады. МОӨЖ-дің тақырыптары, тапсырмалары, өткізілу тәртібі, сағат саны пән бойынша құрастырылған силлабустарда алады-ала көрсетіледі. Магистранттың әрбір өзіндік жұмысы пән бойынша жоспарланған жұмыс бағдарламаларымен ұйымдастырылады(Syllabus)

Магистранттардың кредиттік технология жағдайындағы өзіндік жұмыстары оқу процессін ұйымдастырудың маңызды нысандарының бірі болып табылады. Бұл нысан магистранттардың оқу, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметке деген қызығушылығын қалыптастыра отырып, теориялық білімдерін арттырып, өзіндік ғылыми-теориялық тұжырымдар жасап зерделеу қабілеттерін арттыруда үлкен үлес қосады.

Мемлекеттік білім беру стандарттары магистранттар мен білім алушылардың өзіндік жұмыстарының мәні мен рөлін арттыруды көздейді.

Оқыту барысында магистранттардың оқу және ғылыми әдебиеттерді өздігімен зерделей біле, өзінің белсенді танымдық қызметі арқылы өзін-өзі дамыта білу дағдыларын игеруі тиіс.

Пәнді оқытудың еңбек сыйымдылығына пәнді игеру үшін қажетті және өзара тығыз байланысты үш түрлі жұмысты қамтиды. Олар:

- дәстүрлі аудиториялық жұмыстар: дәріс сабақтары, семинарлар (практикалық)сабақтары;

- Магистранттың өзіндік жұмысы (бұл оқу барысында магистранттың оқытушының тікелей қатысуынсыз жаңа білім мен білікті игеруге мақсатты бағытталған белсенді әдіс);

- Магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы (контактлі сағат шегінде, оқытушының кеңес беруі негізінде және магистранттың жеке тапсырманы орындауының нәтижелерін бақылау мен бағалауы арқылы жүргізеді).

Кредиттік оқу жүйесінде өзіндік жұмыс магистранттардың білім алудағы белсенді әрекетіне жатады. Бүгінгі таңдағы ақпараттың шектен тыс өрбіп отыруы мен құбылыстардың үнемі динамикасы заманда тек оқу және білім алудан бұрын өзі бетінше зерттеу, зерделеу, салыстыру, талдау жұмыстарын игере білу заманға сай маман болудың бірден-бір шарты болып отыр.

Магистранттың өзіндік жұмысы жанжақты, және ол теорияны оқу; анықталған тақырып көлемінде отандық және шетел тәжірибесін ұштастыра білу; ғылыми конференциялар мен форумдарға мақала, тезис, баяндама дайындай білу т.б.

Магистранттардың өзіндік-танымдық қызметі келесідей нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- Дәріс материалдарын оқу;
- өзіндік жұмысқа бөлінген материалды оқу;
- семинар сабағында талқыланатын, тақырып немесе пәннің бөлімі бойынша берілген тапсырмаларды қарастыратын үй жұмысы немесе бақылау жұмысы;
- оқу курсының тақырыптары шегінде жеке презентация дайындау;
- берілген тақырып бойынша жазбаша жұмыс (эссе, реферат) жазу;
- кейс дайындау;

Бұл нысандардың реттілігі тындалған дәріс тақырыбын әрі қарай магистранттардың өздігімен толықтыруын қажет ететіндігін көрсетеді. Дәріс сабағын тақырыпты игерудің алғышарты ретінде қарастыру қажет. Бұдан келіп, магистранттардың өзіндік жұмыс орындаулары арқылы дәрістік тақырыптың мазмұнын шоли отырып, арнайы әдебиеттер мен нормативті актілерді оқып талдау негізінде, берілген мәліметтерді салыстырып қорытындылау негізінде толықтыра түсетіндіктері көрінеді. Және де бұл жұмыстар оқытушының ұсыныстары, тапсырмалары мен нұсқауларын орындау негізінде тиісті нәтижеге ие болады.

Магистраттарға «Салық заңнамасын қолданудың теориясы мен тәжірибесі» пәнінен өзіндік жұмысты орындауды жүктеу мақсаттары:

- Магистранттың шығармашылық потенциалын белсендіре түсу: Яғни, магистрант «Салық заңнамасын қолданудың теориясы мен тәжірибесі» пәнінен оқу тапсырмасын өз бетінше орындау барысында ғылыми әдебиеттермен, әдістемелерді талдаумен танысу және шығармашылық технологиясын меңгеруді жүзеге асырады.

- Магистранттарды өз бетінше білім алу және өзіндік дамуға ынтасын тәрбиелеу: Яғни, шығармашылық қабілетін көтеру, кәсіби даярлық қасиетін жоғарылату, кәсіби тапсырмаларды шешу барысында шығармашылық бағытын дамыту, жалпы және жеке дара зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру т.б.

- Оқу іс-әрекетке деген мотивациясын жоғарылату: Яғни, оқыту барысында тұлғаның өз позициясын негіздей білу қабілетін қалыптастырып, арттыру, субъективті жаңа көзқарастарын объективті негіздеуге үйрету, яғни білімді өз бетінше алу функциясы, нақты әрбір магистрант үшін жаңа және тұлғалық маңыздылығын арттыру.

- Магистранттың танымдық белсенділігін дамыту: Яғни, өз бетінше ойлауға талпынысы, қандай да бір тапсырманы немесе мәселені шешуде өзіндік бағытты табу, өз бетінше білім алуға тырысуы, пікірлерді сыни тұрғыдан қалыптастыру, оқу процесіндегі оқу-танымдық әдістерді толық игеруді үйрету болып табылады.

«Салық заңнамасын қолданудың теориясы мен тәжірибесі» атты элективті пәні бойынша магистранттардың өзіндік жұмыстарын орындау бойынша нұсқаулықтар:

1. Магистранттың өзіндік жұмысты (МӨЖ) орындаудың бір нысаны – жазбаша жұмыс орындау (Эссе, реферат).

Магистранттың жазбаша жұмысы пәннің тақырыптарының төңірегінде орындалады. Жазбаша жұмыс қаралатын тақырыпқа байланысты өзіндік пікірлерін алға тарта білу, оларды теориялық тұрғыда негіздей білуді үйретуге бағытталған. Және де бұл жұмыс түрі болашақ магистрлердің ғылыми конференцияларға баяндама дайындай алу қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Ғылыми жұмыстың құндылығы орындаушыны жұмысты орындау немесе зерттеу жүргізудің мақсаттылығын білген жағдайда арта түседі.

ЭССЕ жазу.

Эссе жалпы француз тілінен ‘essai’, ағылшын тілінен ‘essay’, ‘assay’ – талпыныс, үлгі, оқеск ұғымдарын білдіреді. Және ол ғылыми, критикалық, философиялық сипатта көрінеді және ең алдымен, автордың таңдалған сұраққа қатысты көзқарасын, танымын, пікірін білдіреді.

Әрбір келер дәріс сабағы алдында магистранттар өткен дәрістің теориялық материалдарын оқиды. Және оқытушы тақырыпты ашып оқуға бағытталған сұрақтарды белгілеп береді.

Эссе қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс. Эссе нысандары қандай пәнге немесе тақырыптарға байланысты жеке ерекшелігіне сай жазылады.

Эссе тақырыбы нақты бір түсінікті анықтау мазмұнын ғана жазбауы тиіс, оның мақсаты – адамды ой толғауға итермелеу. Эссе тақырыбында мәселені ойлау төңірегіндегі сұрақтар болуы тиіс.

Оқытушының магистранттарға эссе жазу үшін беретін уақыты әдетте 15 минутты құрайды. Сондықтан да, әрбір магистрант анықталған сұрағы бойынша ойын жинақтап, берілген уақытта мазмұндап беруге тырысуы қажет. Жазбаша жұмыс қысқа әрі толық, яғни ой аяқталған және негізді болуы тиіс. Магистрант эсседе лекцияға байланысты оқыған материалдары бойынша өз пікірін білдіруі тиіс. Және ол қосымша, соның ішінде интернет және басқа көздерден алынған, БАҚ-нан алынған материалдарды келтіреді. Әрбір магистрант «Қазақстан Республикасы қаржы органдарының қызметін жетілдіру мәселелері» элективті пәнінен силлабуста көзделген тақырыптар шегінде 14 эссе орындайды. Бұл талап магистранттың әрбір дәріс сабағына қатысу міндеттілігін арттыра түседі.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Қолданылуына қарай: әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде талап етіледі. Жазылу көлемі: 500 сөз, 1-2 беттен 20 бетке дейін.

Эссе жазу кезеңдері: Проблеманы анықтау -ойлану–жоспарлау –жазу-тексеру

Жоғарыда атап кеткеніміздей, магистранттың тақырыпты дұрыс таңдауынан ол жазбаша жұмыстың дұрыс орындалуы байланысты болады. Дәріс тақырыбын ашу мақсатында анықталған сұрақтардың әрқайсысы бір тақырып ретінде қарастырылады.

Жалпы қалыптасқан тәжірибеге сәйкес тақырыпты таңдаудың бірнеше әдістері көзделеді:

- Саналы түрде таңдау әдісі, яғни магистрант бакалавриатта алған білімі немесе кәсіби тәжірибесінің негізінде жүзеге асырылады.
- Ұсыныс, яғни оқытушының нұсқауы негізінде таңдау.
- Ізденіс негізінде, яғни тақырып төңірегінде ғылы жетістіктері мен алі шешуін таппаған мәселелер бойынша өзіндік жаңа, заманауи жолдарды ұсыну.

Эссе қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс. Эссе нысандары қандай пәнге немесе тақырыптарға байланысты жеке ерекшелігіне сай жазылады.

Эссе тақырыбы нақты бір түсінікті анықтау мазмұнын ғана жазбауы тиіс, оның мақсаты- адамды ой толғауға итермелеу. Эссе тақырыбында мәселені ойлау төңірегіндегі сұрақтар болуы тиіс.

Эссені орындағанда ойдың аяқталған болуының бірнеше шарты қарастырылады – біріншіден, тақырып көлемінің аса кең болмауы. Яғни таңдалған тақырып нақты болған сайын, тақырып бойынша материалдарды жинақтау жеңіл болады. Және де жазбаша жұмыстың бұл түрінің көлемі шектеулі екендігін естен шығармаған жөн. Екіншіден, магистрант өзіне мүлдем таныс емес тақырыпты таңдамауы тиіс, себебі бұл жағдайда автордың көпшілік ұақыты тақырыпты игеруге кетеді. Үшіншіден, магистрант өз пайымдауынша мүмкіндігінше пермспективті тақырыпты таңдағаны дұрыс, өйткені бұл қызығушылық тудыра отырып, нақты қолданылуға болатын қорытындылар мен тұжырымдар ұсынуға мүмкіндік береді. Және магистрант таңдаған тақырыбын дамыта келе, конференцияға баяндама дайындауына негіз болады.

ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пункт., орфогр.);
- Қолд. ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Эссе құрылымы

1. Титул беті.
2. Кіріспе – берілген тақырыпты негіздеу, ол логикалық және және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл этапта жалпы ережелерге сай, өз зерттеу барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою керек. Кіріспе - эсседе сипатталатын негізгі ойды білдіреді. Жаңа азат жолдан басталады. Әдетте қысқа, нақты болады.
3. Негізгі бөлім. Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Бұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Негізгі бөлім бір немесе бірнеше абзацтан тұрады. Абзац жаңа азат

жолдан басталады. Есте болатын шарт - бір ой бір абзац. Әр тақырыпшаларды аргументті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі. Берілген тақырыптағы аргументтер мен талдаулар, позицияларды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады.

4. Қорытынды. Қорытынды ой қысқа болады. Жаңа ой айтылмайды. Жаңа азат жолдан басталады.

Магистранттың орындаған эссені бағалау барысында бағасының төмендетілуіне мыналар негіз болады:

- Проблема ашылмай қалуы;
- Автордың жеке позициясы көрінбеуі;
- Теоретикалық негіздеменің болмауы;
- Терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
- Келтірілген мысалдардың автор позициясына қайшы келуі;
- Қорытындылау, түйін шығару деген шарттардың болмауы;
- Логиканың болмауы.

1.2. Реферат жазу

Реферат (латын сөзі *refereo* – хабарлаймын, баяндаймын деген ұғымды -яғни, белгілі бір тақырып бойынша ғылыми еңбектің мазмұнын баяндау түрінде болады. Реферат тақырыбы оқу бағдарламасы шегінен шығуы және дербес зерттеу жұмысы болуы мүмкін. Басқалай айтқанда, реферат -бұл магистранттың зерттейтін мәселесі бойынша мамандар мен ғалымдардың пікірлерін салыстыра отырып, өз қорытындыларын қалыптастыру арқылы жазылатын жеке ғылыми-зерттеу жұмысы.

Бұдан басқа, реферат деп, ғылыми – зерттеу жұмысы бойынша есеп түрін де айтады.

Әдеттегідей, рефераттың мазмұны қосымша әдебиеттерді талдауды қамтитын проблемалы-тақырыптық сипатта болады. Және ол семинарларда, конференцияларда, ғылыми уйірмелерде баяндамамен қатысмен ұштасады.

Магистрант реферат тақырыбын анықталған тақырыптардан таңдайды. Алайда пән тақырыптары шегінде өздігінен ұсыну мүмкіндігі қарастырылады.

Рефераттардың барлық түрлерінің мақсаты – қандайда бір ғылыми ақпаратты баяндау болып табылады. Жалпы тәртіпте реферат 10-15 машиналық жазба көлемінде орындалуы тиіс.

Реферат жазу арқылы магистрант оқу пәнінің тақырыптарын анағұрлым терең зерттей алады. Себебі ол:

- 1) Тақырыпқа байланысты әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды талдайды;
- 2) Ғылыми негізделген полемикаға түсе алады.

Рефератты жазу барысында магистрант көрнекі материалдарды кірістіре алады. Бұл жағдайда көрнекі материалдар ауызша презентация жасау үшін бөлек парақтарда орындағаны дұрыс болады. Бұл материалды оқытудың техникалық құрал-жабдықтарының көмегімен немесе баяндау барысында тыңдаушыларға көрсетіп шығуға мүмкіндік береді. Оның үстіне оқытушы тарапынан ескерту болған жағдайда жөндеп толықтыруды жеңілдетелді.

Рефератты жазғанда сілтемелер екі жолмен рәсімделеді: бірінде сілтеме жасалатын қайнар көздің реттік нөмірін көрсете отырып, парақтың соңында көрсетіледі; екінші ретте мәтін соңында цитатадан кейін жақшада көрсетіледі. Яғни, жақша ішінде алғашқы автордың аты-жөнін, жұмыстың атауын толық жазады. Содан соң, қысқартылған түрде жұмыстың шығарылған орны, баспа, шығарылған жылы мен жұмыстың көлемі көрсетіледі. Егерде бір бетте бір жұмысқа бірнеше сілтеме жасалатын болса, онда сілтемеде жұмыс жөнінде қайталап толық жазбай, «сол жерде» деп, жұмыстың цитата жасалған парағын ғана көрсетіп кетуге болады. Мысалы: 1. Сол жерде. 25 б. . Егерде бір жұмысқа басқа бетте сілтеме жасалатын болса, жұмыстың авторы көрсетіліп «Аталған еңбекте» деп көрсетіледі. Мысалы: 2. Шайханова Н.К., аталған еңбекте 36 б. Қолданылған әдебиеттер тізімін рәсімдеуде аса көңіл бөлу қажет. Әрбір әдебиет келесідей кезектілікпен көрсетілуі тиіс: бірінші автордың аты-жөні; кітаптың толық атауы; қысқ сызықтан кейін редактор туралы мәлімет (егер автордар тобымен жазылса, олар туралы мәлімет); томдары туралы мәлімет: кітаптың шыққан қаласы; баспа; парақты көлемі көрсетілуі тиіс. Мысалы: Л.А. Дробозина. Общая теория финансов: Учебник / Ю.Н. Константинова, Л.П. Оукена и др.; Под ред. Л.А. Дробозиной. - М.: Банки и биржи. ЮНИТИ, 2002 г.

Егерде магистрант журнал мақаласына сілтеме жасайтын болса, басында бірінші автордың аты-жөні, тегі, содан соң мақала атауы, бірнеше автор болатын болса бір қысқ сызықтан соң үтірмен белгілей отырып, әр қайсысының аты-жөні; екі қысқ сызықтан кейін журналдың атауы, жылы, нөмірі және парақтары көрсетілуі тиіс. Арбір бөлімнен кейін нүкте мен тере қойылып отырылуы тиіс. Мысалы: Шаринова Г. А. Финансовый механизм в системе управления финансами [Текст] / Г. А. Шаринова, М. П. Емельяненко // Молодой ученый. — 2013. — №10. — С. 410-411.

Реферат жазуда әдетте тізімді шығу көзіне қарай орналастырады: алғашында ресми құжаттар (Конституция, кодекстер, заңдар және т.б.), содан соң, егер қолданылған болса архивтік материалдар, олардан кейін барып ғылыми еңбектер тізілімі беріледі. Жұмысты жазуды аяқтай келе парақтардың сандық нөмірлерін қойып шығу керек. Рефераттың титулдық беті мен мазмұнын нөмірлеу міндетті шарт емес. Нөмірлеу кіріспеден, яғни 3-ші беттен басталады. Жалпы реферат материалдарын қысқа әрі түсінікті етіп мазмұндау қажет.

Жұмыстың қорытынды бөлімі өте маңызды болып келеді. Себебі рефераттың нақ осы бөлімінде магистрант зерттеуінің жалпы қорытындысын тұжырымдайды. Мұнда қандай сұрақтар толық, ал қайсылары ішінара қарастырылғандығы атап көрсетіледі. Магистранттың кейінгі зерттеу аясы анықталады. Сондықтан да, қандай мәселелер ашылмағандығын, қандай жаңа немесе қосымша сұрақтар туындады, қандай мәселелердің жауабы ғылым үшін өз шешімдерін таппағандығын көрсетіп кеткен жөн.

Рефератты жазып болған соң магистрант жұмысын компьютерлік редактордың көмегімен лексикалық және граматикалық қателіктерін мұқият тексеріп шығуы тиіс. Себебі, мұндай қателіктер жұмыстың жалпы бағасына әсерін тигізуі мүмкін. Жұмыстың орындалу деңгейіне қарай оқытушы магистрантты сол тақырыбымен ғылыми конференциясынуы мүмкін.

Жоғарыдағы талаптарды қорытындылай келе, рефераттың орындалу кезеңдерін төмендегідей көрсетуге болады:

а) дайындық (тақырып бойынша материалдарды, әдебиеттерді іздеу және қажет болғанын іріктеу);

б) орындау (әдебиеттерді оқу; цитата, тезис, конспект, аннотация және т.б. түрінде оқығандарды жазып отыру);

в) қорытынды (жиналған материалдарды өңдеп, рефератты жазу, әдебиеттер тізімін құру);

г) рефератты рәсімдеу (титулдық бет – рефераттың 1-ші беті, ол жұмыс тақырыбы, орындаған автордың аты-жөні, беттің жоғары (оқу орны мен кафедра атауы) және төменгі (қала, жыл) жақтарына жазылатын деректерден тұрады; беттер 3-ші беттен бастап араб цифрларымен соңына дейін нөмірленеді; бөлімдердегі тақырыптар, ішкі бөлімдер араб цифрымен нөмірленеді, мысалы: 1; 3.2; 1.4.1; әдебиеттер тізімі мен қосымшалар жалпы нөмірлеудің ішіне кіреді).

Рефераттың құрамы келесі бөлімдерден тұрады:

1) кіріспе – 1 немесе 1 жарым бет;

2) негізгі бөлім, яғни рефераттың мәтіндік мазмұны.

3) қорытынды – жұмыстың негізгі тезистерін, маңызды деген ойын қайталайды, автордың ой-қорытындысынан, реферат тақырыбы мәселесінің келешегіне байланысты жасаған ұсынысынан тұрады. Оның көлемі кіріспенің көлемінен аспай, жалпы жұмыстың 1/20 бөлігін құрайды.

4) қолданылған әдебиеттер тізімі;

5) қосымшалар;

6) көрсеткіштер (сілтемелер);

7) рецензия.

Рефератты оппоненттеу – (оқытушының алдын-ала анықтауы бойынша магистранттар ішінен тағайындалуы мүмкін) алдын-ала тағайындалған оппонент әдебиеттерді оқып, кеңес алады, ол рефераттың тақырыбын оны жазған студенттен кем білмеуі тиіс. Бұл семинар жұмысын белсендіреді, пікірталас туғызады. Сөйлеушілердің уақытына шектеу қойылады.

Кейс-таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Кейстің мақсаты студенттерді келесідей әрекеттерге жұмылдыру:

- кез-келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдау;
- негізгі проблемаларды айқындау;
- проблемаларды шешудің әр түрлі балалама жолдары табу;
- өз іс-әрекеттерін жоспарлау.

Кейс практикалық материалдарды жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. ал, портфолио – студенттің жеке дара жасаған жұмыстары мен жетістіктерінің жинағы. Портфолиода студент семестр бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, семестр аяғында үйренгені туралы есебін жинақтайды.